

## Халықтан бағалы металдардан жасалған бұйымдар мен осындай бұйымдардың сынықтарын сатып алатын пункттер жұмысының ЕРЕЖЕСІ

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 1994 жылғы 24 қарашадағы N 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 21 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 81. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрінің 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 102 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Министрліктің ведомстволық нормативтік құқықтық кесімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес келтіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

асыл металдардан жасалған бұйымдар және мұндай бұйымдардың сынықтарын халықтан сатып алу пункттерінің жұмыс тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің 1994 жылғы 24 қарашадағы N 48 бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

Министр

-----

### 1. Жалпы Ережелер

1.1. Халықтан бағалы металдардан жасалған бұйымдарды және осындай бұйымдардың сынықтарын сатып алу пункттері меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан зергерлік бұйымдардың сатылуын жүзеге асырушы сауда кәсіпорындарында немесе жекелеген сатып алу пункттерінде ұйымдастырылады. <\*>

Бұдан әрі "құндылықтар" деп аталады.

Сатып алатын пункттер бөлектелінген үй-жайларда орналастырылу мен сатып алынған құндылықтарды сынап көру және сақтау үшін барлық қажетті жағдаймен қамтамасыз етілген болуға тиісті. <\*>

Ескерту: 1.1-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және Сауда Министрлігінің 1995 жылғы 9 қазандағы N 201-п бұйрығымен .

1 . 2 . < \* >

Ескерту: 1.2-тармақ алынып тасталынды - ҚР Өнеркәсіп және Сауда Министрлігінің 1995 жылғы 9 қазандағы N 201-п бұйрығымен .

1.3. Құндылықтарды өлшеу мен бағалы металдардың сыныбын анықтау үшін сатып алатын пункттерде мына төмендегілер болуға тиісті:

- зергерлік және басқа да тұрмыстық бұйымдардағы бағалы металдардың

сыныбын анықтауға арналған рентген спектрометрі (Спектро -X -Тест және басқалар) немесе сатып алынатын құндылықтарды сынап көру үшін қолданылатын химиялық реактивтер;

- алтын, күміс, платина мен палладийді өлшеуге арналған екінші кластағы техникалық таразылар;

- құрал-саймандар (үлкейткіш шынылар, карт өлшеу аспаптары, шеберлер, хирургиялық пышақтар, тістеуіктер, атауыздар, надфилдер, егеулер, сағат бұрандалары, пломбирлер т.т.).

Сатып алатын пункттердің сатып алынған құндылықтарды сақтауға арналған қосалқы бөлмелерінің терезелерінде металл тор немесе металл қақпақ пен сейфтер бар болуы тиіс. Терезелері мен есіктерінің барлығы сенімді түрде ілінетін болып ішкі және сыртқы сигнализациямен жабдықталуға тиісті.

1.4. Әрбір сатып алу пунктінде көруге ыңғайлы жерге мыналар ілінеді:

- сатып алу пункттері жұмысының Ережесінен үзінділер;  
- халықтан сатып алынатын бұйымдар мен олардың сынықтарындағы бағалы металдарға деген нарық көрсеткішінен үзінді.

## **2. Халықтан сатып алынатын құндылықтар және оларды өлшеу тәртібі**

2.1. Сатып алу пункттері халықтан мына төмендегілерді сатып алады:

- бұйымдар мен олардың сынықтарындағы бағалы металдарды (алтын, платина, күміс және палладийді);

- ескі (революцияға дейінгі және советтік) шекпе теңгелері, мерейтойлық және естелік ақшалар, шетел мемлекеттерінің ақшалары, сондай-ақ 1923 пен 1975 және одан кейінгі жылдардағы шекпеннің шеруендері;

- революцияға дейінгі шекпенін және шетел мемлекеттерінің медальдары мен жетондары, сондай-ақ советтік мерейтой және естелік медальдары (оның ішінде мектеп, спорттық және басқалар);

- отандық және импорттық сағаттардың бағалы металдардан жасалған корпустары;

- фарфор мен хрустальдан жасалған бұйымдардың күміс жиегі;

- алмалы-салмалы протездердің элементтері, қолданыста болған алтынның, платина мен күміс палладий қорытпасынан жасалған тіс протездері, сондай-ақ тіс дискілері;

- дінге табынушылық заттары;

- бағалы тастар (гаухар, изумруд, сапфир, лағыл, інжу) және бұйымдардан алынып өңделген түрінде олардан жасалған бұйымдар;

- сатып алу бағаларының нарық көрсеткішінде аталған басқа да бұйымдар.

2.2. Сатып алу пункттерінің мына төмендегілерді сатып алуына тыйым салынады:

- алмас шикізаты мен жартылай өңделген өнімін;
- шикізат түріндегі алтын, күміс, платина мен палладийді;
- құйма және тума күйіндегі, ұнтақталған кен құрамындағы т.т., сондай-ақ өндірістік-техникалық және лабораториялық мақсаттағы бұйымдар (тойтарма шеге, пластиналар, лабораториялық құрал-жабдықтар және басқалар) құрамындағы;
- алтын түсті пленка мен зергерлік және тіс өндірісінің жартылай өңделген өнімін;
- өндіріс қалдықтары түріндегі бағалы металдарды (үгінді, жоңқа және басқалар);
- алмас, лағыл, сапфир және изумруд асыл тастары мен табиғи інжуді өңделген күйінде;
- азаматтық айналымнан алынып тасталған немесе сатылуына ерекше тәртіп орнатылған заттарды (атылмайтын және оқ ататын жиекті қару, сондай-ақ басқалар да);
- импорттық зергерлік бұйымдар мен сынаптама бақылау инспекциясының белгісі жоқ мысқалдық сыныпты бұйымдарды;
- балалар мен 18-ге толмаған жасөспірімдер ұсынған құндылықтарды;
- мемлекеттік және қоғамдық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер сатуға ұсынған құндылықтарды.

2.3. Сатып алу пункттеріндегі салмақ өлшейтін аспаптар құндылықтарды сатушыларға тапсырылған құндылықтар салмағының дұрыс анықталғандығына көзін жеткізіп отыратын мүмкіндік туғызатындай етіп орналастыруға тиіс.

2.4. Құндылықтар мына дәлдікте өлшенеді:

алтын, платина, палладий және олардан жасалған бұйымдар 0,01 г дейін, күміс және күміс бұйымдар 0,1 г дейін, жиексіз асыл тастар 0,01 каратқа дейін.

### **3. Құндылықтарды сатып алу тәртібі**

3.1. Сатып алатын пунктте құндылықтарды сату кезінде Қазақстан Республикасының азаматтары төлқұжатын н/е оның орнына жүретін басқа бір құжатын, ал шетел азаматтары (азаматтығы жоқ адамдар) Қазақстан Республикасында орын тауып тұруға берілген тиісті қағазын көрсетуге міндетті.

3.2. Құндылықтарды сатып алумен байланысты операциялардың барлығы (сыныбын анықтау, өлшеу, мұрындықтарын алып тастау, сатып алынған құндылықтар салынған пакеттерді желімдеу) құндылықтарды сатушының көзінше жүргізіледі. Құндылықтарды сатушы пакеттің желімделген жеріне өз қолын қояды. Бұйымдар майдан, ластан, толтырушы заттардан тазартылған түрінде қабылданады.

Сатып алатын тауартанушы құндылықтарды сатып алу бағаларының нарық көрсеткішіне сәйкес бағалайды.

3.3. Сатып алатын тауартанушы құндылықтардың сатушысы бұларға қойылған бағаға келіскен жағдайда тауартанушы - сатып алушы мен құндылықтардың сатушысы қол қоятын белгіленген үлгідегі (N 1 форма) <\*> түбіртекті төрт дана етіп толтырады.

<\*> N 1-8 формалар халықтан бағалы металдар, тастар мен олардан жасалған бұйымдарды сатып алу пункттеріндегі есеп беру, есепке алу және құндылықтарды сатып алу жөніндегі операцияларды ресімдеу тәртібі туралы Нұсқамаға қоса беріліп отыр.

3.4. Сатып алынған таңбалы құндылықтарға берілетін түбіртектерде мынадай деректер көрсетіледі:

- бұйымның (бұйымның бөліктерінің) аты, таңбасының мазмұны (кәсіпорынның атауы, сыныбы), оның ішінде 1941 жылға дейін шығарылған бұйымдардағы 84.56,92 таңба және т.т.; революцияға дейінгі бұйымдарда шебердің аты; импорттық бұйымдарда - импорттық таңба;

- бағалы металдар мен асыл тастардың аттары, сыныбы, салмағы, бір бағасы мен сомасы;

бұлармен қатар мынадай деректер де көрсетіледі: ақшаларда - теңгенің бағасы (цифрлы белгілермен), алтын мен платинадан жасалған ақшаларда шығарылған жылы мен елін; шынжырларда-мм-дегі ұзындығы; білезіктерде - үзбелерінің (секторларының) саны; сағаттардың корпустарында - корпусның нөмірі мен қақпақтарының саны;

- бағалы емес металдарға төмендетілген мөлшердің көрсетілуімен бұйымның жалпы салмағы және құндылықтардың сатушысына төленуге тиісті сома.

- Күмістен жасалған бұйымдар, оның ішінде күміс сапты пышақтар мен жанышқылар аттары бойынша сыныбы, саны, бір грамының сатып алу бағасы мен сомасы көрсетіліп жазылады.

3.5. Құндылықтарды сатушы сатылған құндылықтарға тиесілі соманы алу үшін қабылдап алушы-тауартанушы түбіртектің өзіне тапсырған бірінші және үшінші даналарын кассирге көрсетеді. Кассир түбіртектің түпнұсқалығын, бағалаудың дұрыстылығы мен түзетулердің жоқтығын тексереді. Кассир құндылықтарды сатушы түбіртектің екі данасына да ақшаны алғандығы жөнінде қол қойғаннан кейін тиесілі сомамен бірге түбіртектің "Төленді" деген штамп қойылған үшінші данасын береді.

Сатып алынған құндылықтар сатып алу пункттері ақша төлегеннен кейін құндылықтардың сатушыларына қайтарылмайды.

#### **4. Сатып алынған құндылықтарды сақтау және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісінің Мемқазынасына жіберу**

4.1. Қабылдап алушы - тауартанушы құндылықтарды сатушының көзінше әрбір сатып алынған құндылықты түбіртектің екінші данасымен (N 1 форма)

бірге пакетке салады, сонан кейін тізілімге (N 4 форма) жазып қояды.

Пакетке сыймайтын ірі құндылықтарды қабылдап алушы - тауартанушы қағазға орайды және қабылдау датасы мен түбіртектің нөмері жазылған ярлықты б е к і т е д і .

Күн сайын жұмыс күнінің аяғында алушы - тауартанушы құндылықтары бар пакеттердің барлығын қапқа немесе басқа бір ыдысқа салып байлайды да оны тізімнің нөмірі мен "брутто" және "нетто" салмақтарын көрсетіп пломбалайды.

Қапқа немесе басқа бір ыдысқа салынып пломбаланған құндылықтар сейфте сақталады. Егер сатып алу пункті зергерлік бұйымдар дүкенінде болса, сейфтің кілттері қабылдап алушы - тауартанушы да болады.

Өз алдына жұмыс істейтін сатып алу пунктінің меңгерушісі сатып алушы-тауартанушыдан қабылдаған кезде қапқа немесе басқа бір ыдысқа салынған пакеттердің санын тексереді. Сатып алушы-тауартанушы пункт меңгерушісінің көзінше өзінің плобирімен қапты пломбалайды. Сатып алу пунктінің меңгерушісі құндылықтарды сақтауға, қабылдап алғандығына т і з і л і м д е р г е қ о л қ о я д ы .

Сатып алынып, қапқа немесе басқа бір ыдысқа салынған құндылықтар үшін материалдық жауапкершілік сатып алушы-тауартанушыға жүктеледі.

4.2. Сатып алынған құндылықтарды сейфтен тыс сақтауға немесе түбіртектерді ресімдемей сақтауға қалдыруға тыйым салынады.

4.3. Сатып алу пункттері халықтан сатып алынған құндылықтарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Мемқазынасына жібереді.

Құндылықтар Қазақстан Республикасы Байланыс министрлігінің арнайы байланыс органдары арқылы айына кемінде бір рет ішіндегі құндылықтардың мөлшеріндегі құны мен "брутто" салмағы, металл мен сатып алу пунктінің кодтық белгілері көрсетілген посылкамен жіберіліп тұрады.

#### **5. Сатып алынған құндылықтардың бағасын тексеру**

5.1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Мемқазынасы келісім бойынша белгіленген мерзімге сәйкес сатып алу пункттерінен посылкалар алғаннан кейін келіп түскен құндылықтардың саны мен сапасы, сондай-ақ оларды бағалаудан д ұ р ы с т ы ғы н т е к с е р е д і .

5.2. Құны мен сыныбы төмендетілген құндылықтардың сатып алынғандығы анықталған жағдайда сатып алу пункті төленген сома мен Мемқазына белгілеген бағаның арасындағы айырманы белгіленген нормалардан тыс мөлшерді қосымша т ө л е й д і .

Қосымша төлем Ұлттық банктің Мемқазынасынан қабылдау-есептеу актіні алғаннан кейін төленеді. Бұл туралы сатып алу пункті құндылықтардың сатушысына арнаулы хат арқылы хабарлайды және ол паспортын немесе оның орнына жүретін құжатын көрсеткен жағдайда оған заңдарда көзделген

мерзімдерге сәйкес қосымша төлем шығыс касса ордері бойынша ресімделеді.

Егер құндылықтардың сатушысы белгіленген мерзімде қосымша төлемді алмаса, ол бюджетке енгізіледі.

5.3. Құны мен сапасы аса жоғарылатылған құндылықтардың сатып алынғандығы анықталған жағдайда белгіленген нормалардан астам асыра төленген сома құндылықтардың сатушысына заңдарда көзделген тәртіппен асыра төленген соманы қайтару туралы талап қоюға құқығы бар құндылықтарды сатып алған тауартанушыдан төлеттіріліп алынады.

Мемқазына құндылықтар аса көтеріп жіберілген бағалар бойынша сатып алынған жағдайда сатып алу пункті мен осы пунктті қарамағына алып отырған сауда ұйымына рекламация акті (N 8 форма) жібереді.

Аса көтеріліп жіберілген бағамен қабылданған құндылықтар бағалау туралы мәселенің ақырғы шешімі табылғанша мемқазынада сақталады.

5.4. Мемқазынаның қойған бағасымен келіспеген сатып алушы-тауартанушы немесе сатып алу пунктінің меңгерушісі рекламация акті (N 8 форма) мен қабылдау-есептеу акті алған күннен бастап бес күндік мерзімде өзінің дәлелденген келіспеушілігін білдіріп арнаулы хатпен кәсіпорынға арыз, ал сатып алу пунктін қарамағына алып отырған сауда ұйымына осы арыздың көшірмесін жіберуге тиіс.

Мемқазынаның директоры арызды алғаннан кейін таласты мәселелерді шешу үшін комиссия құрады. Комиссияның құрамына мемқазына мен Ереженің негізінде іс-қимыл жасаушы "Қазақзергер" республикалық бөлшек сауда кәсіпорнының өкілдері енгізіледі.

Комиссияның құндылықтарға баға қою туралы шешімі үзілді кесілді болып табылады.

Мемқазына 14 күн ішінде сауда ұйымына комиссияның шешімін, ал сатып алу пунктіне осы шешімнің көшірмесін жібереді.

Комиссияның шешімін алғаннан кейін сауда ұйымының директоры оны үш күн мерзімде сатып алушы - тауартанушыға жазбаша түрде мәлімдеуге міндетті.

## **6. Сатып алу пункттерінің жұмысына бақылау жасау**

6.1. Сатып алу пункттерінің жұмысына бақылау жасауды осы пункттер қарамағында болып отырған сауда ұйымдары, прокуратура органдары, сондай-ақ ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Мемсаудаинспекциясы мен оның жергілікті жерлердегі органдары және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мемлекеттік сыныптама бақылау инспекциясы жүзеге асырады.

6.2. Сатып алу пунктінің меңгерушісі немесе сатып алушы - тауартанушы құндылықтарды сатушылардың талабы бойынша танысу үшін оларға сатып алу бағаларының нарық көрсеткішін беруге міндетті.

6.3. Құндылықтардың қымқырылуына немесе кем шығуына кінәлі құндылықтардың сатып алынуын жүзеге асырушы қызметкерлер заңдармен белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК